

Гуманитарлық пәндер оқу әдістемелік бірлестігінің 2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық қорытындысы

Гуманитарлық пәндер оқу әдістемелік бірлестігінде 8 мүше бар. Бірлестік мүшелері төмендегідей: Гуманитарлық пәндер бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, ана тіліне тарихына құрметпен қарайтын тұлға тәрбиелеу» атты мақсат бойынша жұмыстанды.

2023-2024 оқу жылына 26 тамызда бірлестік жоспары құрылды. Жылдық жұмысты жоспарлау барысында өткен оқу жылының қорытындысы негізінде алынған мына міндетерді :

1.Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру;

1. Ағылшын тілі пәні бойынша 2-7 сыныптарда сөздікпен жұмыс және аударма жасау, 8-11 сыныптарда сөйлем құрауға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру;

2.Орыс тілі пәні бойынша мәтінмен жұмыс жасау жолдарын, сөйлем құрастыру дағдыларын игерту,

3.Қазақ тілі пәні бойынша грамматикалық ұғымдарды меңгертуге назар аудару ,

4.Талантты , дарынды оқушыларды анықтау, шығармашылық бағыттағы жобаларға (ғылыми жоба, пәндік байқаулар, пәндік олимпиадалар) қатыстыру, қолдау көрсету бағытында жұмыстану .

2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырылып, өзгерістері талқыланды. Күнтізбелік тақырыптық және вариативті курстардың жоспарлары бекітілді. 2023-2024 оқу жылында жоспар бойынша кезекті 5 отырыс өтті. I жартыжылдықта 3 отырыс, II жартыжылдықта 2 отырыс өтті.

I отырыста төмендегі мәселелер қаралды:

- 1.2022-2023 оқу жылындағы бірлестік жұмысын қорытындылау негізінде алынған міндеттемелерді жүзеге асыру туралы.
2. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу
3. 2022-2023 оқу жылына арналған бірлестіктің I жартыжылдық жұмыс жоспарын құру.
- 4.Тақырыптық күнтізбе жоспарын талдау, бекіту

5. «Білім беру процесін даралау және саралау арқылы тұлғаның танымдық іс-әрекетін жандандыру» тақырыбында пікіралмасу өтіп, бірлестіктің жұмыс барысының тақырыбы, бағыты анықталып, мұғалімдер саралап оқыту туралы ақпартпен бөлісті. Әр мұғалім өз тәжірибелеріндегі саралау бағытында жүргізілген жұмыстармен таныстырды.

II отырыста қаралған мәселелер:

1. Білім беру платформаларын сабақ үрдісінде қолдану;
2. I тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі туралы өзгерістер
3. Кіріме бақылауларының қорытындысы

Бірінші мәселе бойынша жас маман Сұлтан М. «Білім беру платформаларын сабақ үрдісінде қолдану» тақырыбында теориялық сабақ өткізді. Пән мұғалімдері I тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісімен таныстырды. Кіріме бақылауларының қорытындысы жасалып, оқу ісінің орынбасарына хабарлама жасады, срез қорытындысы негізінде олқылықтар анықталып, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жоспарланды. Жаңартылған білім мазмұны негізінде, теориялық білімді меңгерте отырып, ауыз екі сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында **«Тіл-күретамыр» атты онкүндік (Жауапты: бірлестік мүшелері)** 18.09-29.09. аралығында, **«Әдебиет-ардың ісі» атты әдебиет апталығы (Жауапты: Ұлықпанов Қ.)** 10-6.10 аралығында, **«Волшебная сила языка» атты орыс тілі апталығы (Жауапты: Кабылканова Л.)** 13.11-17.11 аралығында, **«Тарих тағылымы» (Жауапты: Мамбетова Л.) атты тарих апталығы** 11.12-15.12 өтті. **«Тіл-күретамыр» атты онкүндікте «Ұлт ұстазы» шарасының суреттері**





Аталған апталықтарда 2023-204 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқауатта көрсетілген ұлы тұлғаларға арналған шаралар, дарынды баламен жұмыс, ашық сабақтар жоспарланды. Тақырып бойынша ашық сабақтар І,ІІ жартыжылдыққа 2 сабақтан жоспарланды.

I жартыжылдыққа арналған ашық сабақтар:

1. Әл-Фараби «Қашықтасың туған жер» **6 кл. әдебиет**
2. Мир созданный трудом **8-кл. Орыс тілі**
3. Learning about healthy food and lifestyle **6-кл. ағылшын тілі**
4. Первые профессии **6-кл орыс тілі**



Сыныптан тыс төмендегідей шаралар өтті.

1. «Halloween party» шарасында оқушыларды ойната отырып, ой салатын жұмыстар өткізілді.
2. «Угадайка» шарасында оқушылардың танымдық білімі нәалыптастыруға арналған жұмыстар болды.
3. «Алаш жұртының әйгілі перзенті,көрнекті қазақ ақындарының бірі,фольклоршы,құлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көбеевтің туғанына 165 жыл» атты прес-конференцияда дара тұлғаның қызметі жан-жақты талданды.

III отырыста жоспарланған тақырыптар:

1. «Сабақты зерттеу-білім алудың демократиялық жолы» тақырыбында баяндама жасалды.
2. Орыс тілінен сөздік диктант қорытындысы
3. Ағылшын тілінен сөздік диктант алу қорытындысы
4. Оқу шапшандығының қорытындысы

5.Қазақ тілінен алынған диктант қорытындысы .Алынған срез қорытындылары талданып, мұғалімдер алдағы жұмысты жоспарлады.

6.ІІ тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі І тоқсанмен салыстырылып, кемшілік пен жетістік арасы сараланды.

Жыл басында әдістемелік кеңесте гуманитарлық пәндер бірлестігіне «Білім беру процесін даралау және саралау арқылы тұлғаның танымдық іс-әрекетін жандандыру» тақырыбы ұсынылып, жыл бойына өткізілген сабақтар, зерттеу сабақтары, сыныптан тыс өткізілген шараларда саралау әдісін қолдану тұрақты түрде тәжірибеге енгізілді. Аталған жұмыс қорытындысы негізінде мектепшілік семинар желтоқсан айында өтіп, мұғалімдер өз тәжірибелерін таратты. Семинарда «Бұл саралаудың қай түріне жатады?» топтық жұмыс, «**Білім беру платформасы негізінде тапсырма бойынша саралау (деңгейлік тапсырма)**», «**Нәтиже немесе өнім бойынша саралау-нәтижеге бағытталған білім беру**», **Қарым-қатынас бойынша саралау-ынтымақтастық негізі, атты демо- сабақтар** ұсынылды.



IV отырыста отырыста талқыланып, қаралған мәселелер:

1. 4-5 сыныптар арасындағы үйлесім сабақтастыруды ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесі (4-5 сыныптар)
2. Тарих және әдебиет пәндерінен алынған тест қорытындылары
3. Қазақ әдебиетінен алынған оқу шапшаңдығының қорытындысы
4. III тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі туралы

Әдістемелік отырыста

II жартыжылдықта 29.01.-02.02 аралығында «Язык живая душа народа» тақырыбында орыс тілінен, 5-9 ақпан аралығында Тіл-достықтың кілті» тақырыбында қазақ тілінен, 15.04-19.04 аралығында «Happy english» атты апталықтар өтті. Апталықтардың ашылуы салтанатты түрде ұйымдастырылды. Орыс тілі апталығының ашылуында орыс халқының ән, билері орындалып, салт-дәстүрінен көрініс көрсетілсе, қазақ тілі апталығында «Кітапханадағы бір күнім және сәті түскен сұхбат» шарасы ұйымдастырылды. Шара аясында оқушыларға жаңа әдеби кітаптар оқуға ұсынылып, тіл, мәдениет, ұлттық құндылық туралы сұхбаттар оқушылардың, мұғалімдерден алынды. Апталықтар аясында квест интеллектуалды ойыны, поэзия кеші, лингвистикалық сайыстар және көңілді үзіліс шаралары, пән бойынша ашық сабақтар ұйымдастырылды. Орыс тілі апталығында өткен шаралар мектептің инстаграм парақшасына салынды.



V отырыста төмендегі мәселелер:

1. ББЖМ дайындығының қорытындысы

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс нәтижесі қандай?

2. Қазақ әдебиеті оқу шапшандығының қорытындысын талдау

3. IV тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі туралы

4-оқу тоқсанының қорытындысын 3-тоқсан қорытындысымен салыстырылып талдау жасалды. Орыс тілі пәні

Пән мұғалімі: Кабылканова Л.

тоқсандар	6	7	8	9	10	11
3-тоқсан	66,67%	50,33%	66,67%	40,00%	77,78%	100,00%
4-тоқсан	66,67%	58,33%	66,67%	40,00%	77,78%	85,71%
	=	+8	=	=	=	100,00%
Жылдық қорытынды	66,67%	58,33%	66,67%	50,00%	77,78%	85,71%

Орыс тілі пәні. Пән мұғалімі: Жұбатқанова Л.

кезендер	5	6
3-тоқсан	91,66%	66,66%
4-тоқсан	83,33%	66,67%
	-8	+0,01
Жылдық	91,66%	66,66%

қорытынды		
-----------	--	--

Тарих пәні мұғалімі.Пән мұғалімі:Мамбетова Л.

тоқсандар	5	6	7	8
3-тоқсан	91%	72%	58,8%	66,6%
4-тоқсан	83%	72,%	58%	66,00%
	+12	=	-0,08	-0,6%
Жылдық қорытынды	91%	66%	58%	66%

Ағылшын тілі.Пән мұғалімі:Есқалиева А.

тоқсандар	3	4	5	6	7	8	9	10	11
3-тоқсан	57,14%	63,16,%	83,33%	72,22%	50,00%	66,67,%	60,00%	66,67%	100%
4-тоқсан	57,14%	63,16,%	83,33%	72,22%	50,00%	66,67,%	60,00%	66,67%	100%
	=	=	=	=	=	=	=	=	=
Жылдық қорытынды	57,14%	63,16,%	83,33%	72,22%	50,00%	66,67,%	60,00%	66,67%	100%

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні .Пән мұғалімі:Жұмағалиева А.

Қазақ тілі

Тоқсандар	8	9	10	11
3-тоқсан	58,33,%	60,00%		
4-тоқсан	66,67,%	60,00%		
	+9	=		
Жылдық қорытынды	66,66%	60,00%	88,88%	100%

Қазақ әдебиеті

Тоқсандар	8	9	10	11
3-тоқсан	58,33,%	60,00%	77,77%	71,42%
4-тоқсан	66,66,%	60,00%	88,88%	100%
	+9	=	+11	+29
Жылдық қорытынды	66,66,%	60,00%	77,77%	100%

Пән мұғалімі: Ұлықпанов Қ

Қазақ тілі

Тоқсандар	5	6	7
3-тоқсан	91,66%	77,78%	75%
4-тоқсан	91,66%	88,88%	83,33%
	=	+10	=
Жылдық қорытынды	91,66%	77,77%	75,00%

Қазақ әдебиеті

Тоқсандар	5	6	7
3-тоқсан	91,66%	66,66%	75%
4-тоқсан	91,66%	94,44%	100%
	=	+28	+25
Жылдық қорытынды	91,66%	72,22%	75%

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты нәтижелі жүргізу барысында 4 тоқсан бойына «Мен таныған әлем» ойыны жүйелі түрде өткізіліп, жыл соңында қорытынды жасалып, жеңімпаз оқушылар мұғалімдердің демеушілігімен марапатталды.



ағылшын тілі



тарих пәні



қазақ тілі



орыс тілі



Марапаттау сәті

Қазақ әдебиеті оқу шапшаңдығының қорытындысы талданып, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мәселесі талқыланды. Оқу шапшаңдығы 5-6-7-сынып оқушыларынан алынды. 5-сыныпта оқу нормасы- 110-120 сөз. 10 оқушыдан оқу шапшаңдығы алынды. 6 оқушы нормадан жоғары, 2 оқушы нормаға сәйкес, 1 оқушы нормадан төмен, 1 оқушы нормаға жақын (90 сөз) нәтиже көрсетті. 6-сыныптан 18 оқушыдан оқу шапшаңдығы алынды. 8 оқушы нормадан жоғары, 3 оқушы нормаға сәйкес, 5 нормаға жақын, 2 оқушы нормадан төмен нәтиже көрсетті. 7-кластан 9 оқушыдан оқу шапшаңдығы алынды. Оқу нормасы 135 сөз. 2 оқушы нормадан жоғары, 3 оқушы нормадан төмен 4 оқушы нормаға сәйкес нәтиже көрсетті.

Зейнеткерлікке шығып жатқан педагог-сарапшы маман А.Жалмұқанның шығармашылық кеші «Өмір-өзен» телебағдарламасы форматында ұйымдастырылып, ұстаздың өнегелі өмір жолы насихатталды.



Оқушылардың қалалық(аудандық, облыстық, республикалық) пән олимпиадаларына қатысуын талдау\

Аудандық пәндік олимпиададан орыс тілінен 2 оқушы, қазақ тілінен 1 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

Сангереева М тарих пәнінен аудандық «Яссауитану» білім байқауынан 1 орын алып, облыстық кезеңге қатысты. II-III оқу тоқсанында ағылшын тілі, қазақ әдебиеті, тарих, орыс тілі пәндерінен 35 зерттеу сабақтары өткізілді. Әдістемелік

Әдістемелік жұмыстың қорытынды талдауы негізінде 2024-2025 оқу жылына төмендегідей міндеттемелер алынды:

1. Бастауыш сынып пен орта буын арасындағы сабақтастықты орнату бағытында дуэт сабақтар өткізу;
2. Оқушыларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, әдеби байқауларға дайындау ісін жолға қою;
3. Мұғалімдердің кәсіби байқауларға қатысып, біліктілігін арттыру, тәжірибелерін тарату;
4. Әдістемелік бірлестікте өткізілген шараларды мектептің инста парақшасына жүктеп отыру.

Бірлестіктің жетекшісі:

Жумағалиева А.